

ОӘК 159.923

ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢДЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Жалмұратова Ақтоты

aktoty.zhalmuratova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-інің әлеуметтік ғылымдар факультеті
психология мамандығының 3 курс студенті, Нур-Султан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - А.М. Айтышева

Адамның тұлғалық қасиеттері мен қабілеттерінің жиынтығының толық пісіп, жетілетін кезеңі – жасөспірімдік шақ. Бұл – шамамен 11-17 жас аралығын қамтитын кезең.

Дәл осы кезеңде жасөспірімнің маңызды шешімдер қабылдауы, келешекке пайда әкелер немесе негативті әсер берер факторлар мен субъектілердің ара-жігін ажырата білуі, тұлға ретінде өзін бағалай білу қабілеттері лайықты түрде қалыптасуы қажет. Алайда, осы кезең өзінің қауіптерімен, «қызыл аймақтарымен» қиын болып келеді. Әсіресе, адамның жасөспірімдік кезеңі тұрақты психологиялық әсер беретін белгілі бір тәуелділіктер мен әдеттер жиынтығынан тұрады.

Жасөспірімдік кезең жай ғана кезең емес, бұл психологтар тарапынан зерттелуі керек маңызды кезең және осы кезеңдерде жасөспірімдер көбінесе түрлі позитивті немесе негативті қасиеттер әдеттер пайда болады. Өйткені осы кезеңде жасөспірімдердің моральдық қасиеттері қалыптасады.

21 ғасырдың үлкен жаңалығына айналған, кез келген салада үлкен әсерге ие факторлардың бірі

– ғаламтор және ғаламтор пайдалануға арналған сәйкес технологиялар мен құрылғылар. Үлкен пайда мен жеңілдіктер әкелгеніне қарамастан, аталмыш фактор адамдардың, әсіресе, жасөспірімдердің өміріне үлкен тәуелділік әкелген әсер етуші күшке айналды.

«Ғаламторға тәуелділік» терминін енгізген *Айвен Голдберг* интернетке тәуелділікті психоактивті заттарды шектен тыс қолдану деп суреттеген. Аталмыш психолог бұл тәуелділік түрінің төмендегідей психологиялық әсерлерін келтірген:

- Жасөспірім стресске немесе дистресске түсуі мүмкін
- Жасөспірімнің әлеуметтік жағдайы мен психологиялық күйіне деструктивті әсер болуы мүмкін.

Бұл тәуелділік ғаламторға, құрылғыларға немесе видео ойындарға қатысты болуы мүмкін.

Жасөспірімдер арасында психологиялық тәуелділік туғызатын нәрселердің бірі – алкогольді өнімдер.

Алматылық «Аман-саулық» қоғамдық қорының зерттеулеріне сәйкес, Қазақстандық 18 жасар жасөспірімдердің алкогольді өнімдерге тәуелділік көрсеткіші 37пайызды құрайды. Алкогольді ішімдіктерді тұтынуды қалауды тыя алмау, психологиялық қарсы тұра алмау менталды әлсіздікке және нәтижесінде адамды физиологиялық қана емес, психологиялық әлсіз және қабілетсіз сипатқа жеткізеді.

Жоғарыда аталған, жасөспірімдер арасындағы психологиялық тәуелділіктердің ең өзектісі – жеңіл ақша табу, бәс тігу. Мәселе сонда: жеңіл жолмен, бәс тігу арқылы ақша табуды көздеген адамдар өздерінің белгілі деңгейде психологиялық сырқатқа ұшырағанын мойындамайды. Негізі, бұл өте қауіпті.

Қазақстандық психолог *Ирина Третьякованың* пайымдауынша, бұл тәуелділік түрі жасөспірімдер арасындағы суицид жағдайларының, ауыр депрессия жағдайларының, психологиялық дұрыс ориентацияның жоғалу жағдайларының басты себепкері болып отыр.

Белгілі психолог *Л.С. Выготский* айтқандай, жасөспірім тұлғасы тұрақсыз, қозғалыссыз және соңғысы емес, мұнда бәрі – өтпелі, бәрі – ағыс. Осы кезеңде түрлі психологиялық тәуелділіктердің терең қалыптасып кетпеуін, дұрыс әдеттер мен моральдық принциптердің жасөспірімнің жеке психологиялық кеңістігінде орын алуын қамтамасыз ету маңызды.

Божович Е.Д айтуы бойынша ересектермен қарым-қатынас жасөспірім кезде кезеңде күрделі және қайшылықтарға толы болады. Бір жағынан, жасөспірімдердің көпшілігі ата-аналарына және мұғалімдеріне өте жақын, екінші жағынан, олар өз тәуелсіздігін талап етеді. Ата-аналар мен тәрбиешілер бұл өзгерістерге әрдайым мән бермейді, нәтижесінде конфликттер туындауы мүмкін. Жасөспірімдер өздеріне деген қамқорлықты үлкендердің оған құрметсіздік көрсеткені ретінде қабылдауы мүмкін. Мұндай жағдайларда жасөспірім дөрекі, шыдамсыз болады. Алайда жасөспірімнің мінез-құлқы әрқашан оның шынайы сезімдеріне сәйкес келе бермейді. Жиі бала конфликттерден кейін өзін кінәлі сезінеді. Бұл қиын жағдайдан шығудың бір жолы - балаға тікелей емес, құрдастары арқылы жол табу. Айта кету керек, құрдастар жасөспірім өміріндегі өте маңызды тұлғалар.

А.И.Мыррикова бойынша жоғарғы сыныптағы балалар мен ата-аналар арасындағы қарым- қатынас түрі бірнешеге бөлінеді:

- Жасөспірімді әлі де бала сияқты көру
- Баланы жоғалтып алу фобиясы
- Ата-ананың сезімінің жеткіліксіздігі – ол екі түрлі себепке байлынысты болады: ата-анасезімінің дұрыс жетілмеуі н/е олардың бос болмауы(жұмыс)
- Симбиоз – көбенсе аналардың баласымен өзін бір организм, бір тұлға ретінде көруі
- Баланы борышкер ретінде көру – «біз сені өсірдік, енді сен бізе қарызсың» деген ойлутүрі
- Өзін диктат ретінде ұстау – баланың әр іс-әрекетін шеттен тыс бақылап отыру
- Балаларды тым қатты қорғаштау – менің ойымша бұл кейін инфантильдікке әкеп соғады,және бала әлсіз тұлға боп өседі

Г. Шихидың ойы бойынша, ата-аналар мен жасөспірім арасындағы көптеген конфликттік жағдайлар жасөспірімнің эгосының оппозиция өтуі әсерінен болады дейді. Бірақ менің ойымша, эгоның оппозицияға өтуінің де өз себебі бар: ата-аналардың дұрыс коммуникация жасай алмауы, немесе үстінде айтылып кеткен қарым-қатынас түрлері де әсер етуі мүмкін.

Л.Г. Агееваның тест көрсеткіштері бойынша ата-аналар мен қыз және ұл жасөспірім балардың арасындағы қарым-қатынас ерекшелігі қарастырылған болатын:

- Қыздар кішіпейіл, ата-анасы тәуелдірек болып келеді
- Ата-аналар қыздарын ұзағырақ басқарғысы келеді
- Ата-аналар ұлдарымен көбірек арақашықтық ұстайды
- Көп ата-аналыр қыздарын жетістікке жете алмайды деп ойлайды
- Ұлдардың да, қыздардың да ата-аналары көбінесе оларды өзіне тең дәрежеде

қабылдай алмайды.

Қорытынды:

Жасөспірімнің өміріндегі ата-анаға тәуелділік мәселесі өте ауқымды болып келеді және бұл тақырыпты көптеген ғалымдар өз еңбектерінде қозғап өткен. Ең бастысы тәуелділіктерден арылу және психологиялық көмектерге жүгіну. Менің ойымша, ата-аналар мен жасөспірімдер арасындағы тәуелділік ата-аналардың өздерінен бастау алады, және де бұл сұрақта ата-аналар өзіне жауапкершіліктің көп бөлігін алып, балаларына түсіністікпен қарай білуі керек. Себебі, бала қанша тәуелсіз болғысы келсе де, ата-ана образы ол үшін авторитетті болып қала бермек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л. С. Педология подростка // Собр. соч. в 6-ти т. Т. Детская психология / Под ред Д. Б. Эльконина. М.: Педагогика 1984. 132с.
2. Семенюк Л.М. Хрестоматия по возрастной психологии: учебное пособие для студентов/Под ред. Д.И. Фельдштейна: издание 2-е, дополненное. - Москва: Институт практической психологии, 1996. 219с.
3. Толстых Н.Н ПСИХОЛОГИЯ ПОДРОСТКОВОГО ВОЗРАСТА
4. Макушина О.П. Причины психологической зависимости от родителей в подростковомвозрасте